

№7- тәжірибелік сабақ: Қауіпсіздіктің түрлі санаттары

Жұмыстың мақсаты мен міндеті: Бұл тақырыпты бітіргеннен кейін халықаралық саясатта қауіпсіздік ұғымының танымын жасай алады. Соғыс пен бейбітшіліктің себептері туралы өз пікірін айта алады. Халықаралық қауіпсіздік мәселелеріне қатысты айтылған теорияларды бір-бірімен салыстыра алады. Халықаралық қауіпсіздіктің реферанс элементтерін сыныптандыра алатын мағлұмат пен қабілетке ие болады. Сонымен қатар, қауіпсіздік, соғыс, бейбітшілік, геополитика, геостратегия, қауіпсіздік диалемасы, толық анархия, мини анархия, қауіпсіздендіру, қауіпсіз-тыстау секілді ұғымдардың мән мағынасын түсінеді.

Техникалық және инструментальдық құралдары: интерактивті тақта, проектор сызба – кестелер.

Тәжірибелік сабақ оқыту нәтижелері: "Халықаралық қауіпсіздік" курсының мақсаты - қауіпсіздік құбылысын оның тұжырымдамалық, тарихи және теориялық аспектілерінде талдау және осы тұрғыда қазіргі заманғы тәсілдер мен практикамен қауіпсіздік саласындағы трансформацияны анықтау. Бұл студенттерге қауіпсіздіктің дәстүрлі және заманауи тәсілдерін өзара талдауға көмектеседі.

Оқытудың әдістері мен түрлері: баяндау, сұрақ–жауап, түсіндіру, кіріспе дәріс, пікір-талас.

Қауіпсіздік тақырыбы халықаралық қатынастарда барған сайын автономды сала ретінде зерттеле бастайды. Сонымен қатар, қауіпсіздік тақырыбы әртүрлі теориялармен қатар жетіле бастағаны секілді зерттеу аясындағы анықтамалық объектінің көбеюіне байланысты даму тенденциясына ие. Мемлекет, қоғам, аймақ, қоршаған орта, адамдар және жыныс осы қауіпсіздік зерттеулерінің негізгі тақырыбын құрайды. Бұл кітапта аталмыш тақырыптардан ұлттық қауіпсіздік, ұжымдық қауіпсіздік, адам қауіпсіздігі, әлеуметтік қауіпсіздік, аймақтық және экологиялық қауіпсіздік мәселелері қарастырылады.

Ұлттық қауіпсіздік

Ұлттық қауіпсіздік дәстүрлі түрде мемлекеттің аумақтық тұтастығын сыртқы шабуылдар мен қауіптерден қорғау және қорғау дегенді білдіреді. Осы тұрғыдан алғанда ұлттық қауіпсіздіктің анықтамалық объектісі мемлекет болып табылады. Мемлекеттер өздерінің аумақтық тұтастығын қамтамасыз ету үшін қауіпсіздік саясатын жасайды және осы саясаттардың қалай жүзеге асырылатынын қамтитын қауіпсіздік стратегияларын белгілейді. Неореалистік көзқарас бойынша ұлттық қауіпсіздік мемлекеттің ең негізгі саясаты болып табылады. Барлық басқа саясаттар ұлттық қауіпсіздікке байланысты және оған қызмет ету үшін жасалуы керек.

Мемлекеттер өздерінің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін алдымен ықтимал қауіптер мен қауіптерді анықтауы керек. Бұл ықтимал мен қауіптер әдетте саяси шешім қабылдаушылардың ресми қауіпсіздік органдарымен бірлесіп жасаған ұлттық қауіпсіздік құжаттарында(доктриналарда) анықталады. Жалпы алғанда ұлттық қауіпсіздіктің үш негізгі өлшемі бар: әскери қауіпсіздік, саяси қауіпсіздік және экономикалық қауіпсіздік. Бір мемлекет өзін сырттан келетін әскери қауіптен қорғау үшін барлық әскери шараларды алуы керек. Осы мақсатта қару-жарақ технологиясы мен әлеуетін жетілдіру, қауіпсіздік қызметкерлерін үнемі дамып келе жатқан қауіп-қатерлерге қарсы жақсы дайындау және ұлттық армияны кез келген сәтте туындауы мүмкін шабуылдарға дайын ұстау сияқты жұмыстар әскери қауіпсіздік шараларының бірі болып табылады. Ал саяси қауіпсіздік мемлекеттің саяси аренадағы күшімен қамтамасыз етіледі. Ол үшін тұрақты мемлекеттік құрылым және барлық азаматтарды уәкілдік ететін саяси режимнің болуы маңызды. Ұлттық қауіпсіздіктің ең маңызды толықтырушысы экономикалық қауіпсіздік болып табылады. Өзін-өзі қамтамасыз ететін экономикалық құрылымның болуы мемлекеттің сыртқы тәуелділігін төмендетеді және өзінің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін саясатты жүзеге асыру жолындағы халықаралық кедергілерді барынша азайтады. Тұрақты экономикаға ие мемлекеттер әскери әлеуетін үнемі жаңартып, ықтимал қаржылық күйзелістерден ең төмен дәрежеде әсер алып, экономикалық негізделген саяси дағдарыстардан аулақ бола алады.

Ұжымдық қауіпсіздік

Ұжымдық қауіпсіздіктің ұлттық қауіпсіздіктен айырмашылығы, әрбір мемлекет басқа мемлекеттердің қауіпсіздігі үшін белсенді рөл атқаратын жаһандық қауіпсіздік жүйесін білдіреді. Шын мәнінде, біз ұжымдық қауіпсіздікті «біріміз бәріміз үшін, бәріміз біріміз үшін» сөздерімен түсіндіре аламыз. Біріккен Ұлттар Ұйымының құрылуының арқасында әлемдегі қауіпсіздіктің

барлық проблемалары барлық мүше-мемлекеттер сөйлеу құқығына ие болатын жаһандық проблемаға айналды. Атап айтқанда, БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің әлемдегі қауіпсіздікке қатысты барлық мәселелер бойынша шешім қабылдайтын және вето қоятын БҰҰ институты ретінде пайда болуы ұжымдық қауіпсіздік аясындағы маңызды оқиға болып табылады. Біріккен Ұлттар Ұйымына мүшелік ұжымдық қауіпсіздік үшін қатысу және мәжбүрлеу принциптерін қабылдауды да білдіреді. БҰҰ бүкіл әлемде қауіпсіздіктің әскери, экономикалық және экологиялық барлық бағыттарында институттар құрған, мәжбүрлеу принциптерін белгілеген және қорғаныс режимдер жетілдірген әлемдегі жалғыз мекеме.

Біріккен Ұлттар Ұйымы әлемдегі бейбітшілік пен қауіпсіздікке қауіп төнген кезде барлық шараларды, соның ішінде әскери шараларды да қолдануға уәкілетті. Қырғи қабақ соғыс кезінде НАТО немесе Шығыс блоктың қауіпсіздігін қамтамасыз еткен Варшава келісімі ұжымдық қауіпсіздік ұйымы емес. Қандай да бір ұйым ұжымдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуі үшін оның мүшелігі әмбебап болуы керек және ол әлемнің қауіпсіздігі үшін қағидалар белгілеп, қолдана білуі керек.

БҰҰ шеңберінде құрылған қауіпсіздік жүйесі жалғыз ұжымдық қауіпсіздік жүйесі болып табылады.

Адам қауіпсіздігі

Адам қауіпсіздігі қауіпсіздіктің анықтамалық объектісі ретінде адамды негізге алады. Осы тұрғыда адамға бағытталған барлық қатерлерді өзекті мәселе ретінде көтеріп қауіпсіздікке қатысты зерттеулерде мемлекетті негізгі эталон ретінде қарастырған Реалистік қауіпсіздік көзқарасына қарсы пікір жетілдірмекте (Ovali, 2006: 6). Адам қауіпсіздігі көзқарасының өзге көзқарастардан ең маңызды айырмашылығы, халықаралық ұйымдар мен мемлекеттік емес ұйымдарды қауіпсіздікті қамтамасыз етуде өзіне ортақ етіп қабылдауы болып отыр. Бұндай көзқарас бойынша әлемнің қай жерінде болмасын азаматтық соғыс, табиғи апаттар, әлемді баудай түсірген экономикалық дағдарыстар, есірткі саудасы не болмаса ұйымдасқан қылмыс секілді мәселелерді шешу үшін мемлекеттер жауапкершілікті өз мойнына алып халықаралық ұйым мен мемлекеттік емес ұйымдардың жұмыстарына толық қолдау көрсетуі тиіс. Канада, Норвегия және Жапония адам қауіпсіздігін ресми қауіпсіздік саясатына үйлестіре білген мемлекеттер болып табылады.

Адам қауіпсіздігі көзқарасында азаматтық қоғам мемлекеттің ресми қауіпсіздік органдарының қолдаушысы әрі толықтырушысы болып отыр. Мемлекет экономикалық мәселелер, қоршаған орта не болмаса табиғи апаттарда азаматтық қоғамның қолдауымен адамды басты назарда ұстайтын қауіпсіздік саясатын жетілдіруі керек. Осы мәселелерді шешу үшін азаматтық қоғамның белсенділігі мен араласуын барынша арттыру мәселелердің шешімінде басты рол ойнайды.

Қауымның қауіпсіздігі

Вейвер қауымдық қауіпсіздікті «қауымның бірегейлігіне, кімдігіне бағытталған қатерге қарсы қорғану» ретінде сипаттаған.

Қауымдық қауіпсіздікте негізгі кілт ұғым бірегейлік, кімдік болып табылады. Осы жердегі ұғымды «кімдік, бірегейлік қауіпсіздігі» деп те түсінуге болады. Бұл жерде қауым деген тек мемлекеттің ұлты емес. Әлемдегі көптеген қауымдардың өз мемлекеті жоқ немесе бір қауым бірнеше мемлекеттің шекарасында өмір сүреді. Осы тұрғыдан алғанда, сол қауымның болмысына төнген қатерлерді мемлекетке қатер деп санауға болмайды. Кімдікке, бірегейлікке төнетін қауіп-қатер әлгі қауымның өз дінін ұстай алмауына, ана тілін қолдана алмауына, салт-дәстүрін ұстап жүре алмауына және әдет-ғұрыптарының жойылуына бағытталған көптеген қауіптерді қамтуы мүмкін. Бұл қауіптер сол қауым өмір сүретін мемлекеттің заңдарынан туындайтын тыйымдарға байланысты болуы мүмкін. Сондай-ақ бұл жағдай сол елде тұратын көпшіліктің ішіндегі ұлтшылдық пен кемсітушілік тенденциялардың күшеюіне байланысты пайда болуы мүмкін. Мемлекеттердің кей жағдайларда белгілі бір қауымды жоқ ету үшін саналы, әдейі әрі жүйелі саясат жүргізетіні барша белгілі шындық. Қытайдың Тибетте және Ұйғыр автономды аймағында ұстанған саясаты анық түрде бір қауымды жоқ етуге бағытталған саясат ретінде тұжырымдауға болады. Дәл осыған ұқсас жаһандық экономиканың жер бетіндегі барлық адамды өздерінің тұтынушысы ретінде көріп, бір сұрып тұтынушы талғамын қалыптастыру мақсатында жүргізіп жатқан жұмыстары жергіліктілерге қауіп төндіруде. Тамақтану, ішіп-жеу әдеттері, киім-кешек не болмаса тұрғын жай жиһаздарында қолданыстағы жергілікті үлгілер күннен күнге жойылып, бүкіл әлемде қолданыста болған үлгіге ұқсап келе жатыр. Бұл жағдай қауымдық қауіпсіздікке қатер төндіруі де

мүмкін. Қауымдық қауіпсіздікке төнген жоғарыда аталған барлық қатерлер бойынша әзірленген қорғаныс шаралары қауымдық қауіпсіздік тақырыбына кіреді.

Қауымдық қауіпсіздік түсінігі кімдікке, бірегейлікке төнетін қауіптерді және осы қауіптерге қарсы қолданылатын шараларды білдіреді.

Аймақтық қауіпсіздік

Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуынан КСРО-ның ыдырауына дейінгі уақытты қамтитын «қырғи-қабақ соғыс» кезеңіндегі қауіпсіздік негізінен АҚШ пен КСРО арасындағы бәсекелестікке байланысты болуы мүмкін дағдарыстармен байланыстырды. Бұл кезеңде қауіпсіздік негізінен қырғи-қабақ соғысқа байланысты туындауы мүмкін ұлттық қауіпсіздік проблемаларына қатысты мемлекеттер тарапынан қабылданған шараларды қамтитын ұғым ретінде қарастырылды.

Тіпті осы кезеңнің өзінде «шағын, бірақ ашық халықаралық жүйе» ретінде сипаттауға болатын аймақтардағы қауіпсіздікке қатысты аймақтық күш-жігердің бар екенін байқауға болады. НАТО - Атлант мұхитының екі жағалауы үшін құрылған қауіпсіздік ұйымы болса, ал Варшава пактісі социалистік шығыс елдерінің КСРО жетекшілігіндегі құрылған қауіпсіздік ұйымы болды. Дегенмен, бұл қауіпсіздік ұйымдары негізінде бір державаның жетегіне ілесу (bandwagoning) арқылы құрылды және іс жүзінде аймақтық емес, жаһандық қауіпсіздік жүйесінің қосалқы бөлімшелері ретінде пайда болды. 1990 жылдардан бастап қырғи-қабақ соғыстың салдары жойылған кезде, мемлекеттер өздері тұрған аймақтағы басқа мемлекеттермен ынтымақтасып аймақтық қауіпсіздік ұйымдарын құруға кірісті. Шынында да 1991 жылы Барри Бузан әзірлеген аймақтық қауіпсіздік кешені ұғымымен аймақта дәп халықаралық жүйе сияқты «шағын анархия» бар екенін; алайда, аймақтағы көршілер арасында географиялық байланыс болғандықтан, қауіпсіздікке төнген қатерлердің әлдеқайда шынайы екенін мәлімдейді. Географиядан туындайтын осынау шынайы қауіпсіздік проблемалары шағын анархиядан туындайтын мәселелерді әлдеқайда оңай жеңуге және ынтымақтастықты жеңілдетуге мүмкіндік береді.

Бузанның қырғи-қабақ соғыстан кейін аймақтық қауіпсіздік кешендерінің пайда болатыны туралы көзқарасы қаншалықты шынайы екені көрініп тұр. КСРО ыдырағаннан кейін пайда болған жаңа ұлттық мемлекеттердің батыстық қауіпсіздік жүйесімен кірігуі үшін жасалған Бейбітшілік үшін серіктестік (BIO) аймақтық қауіпсіздік кешеніне мысал бола алады. Армения, Әзірбайжан, Грузия, Қазақстан, Қырғызстан, Молдова, Ресей, Түркіменстан, Украина, Өзбекстан елдері Батыс жүйенің ішінде болған Швеция және Финляндиямен бірігіп құрған Бейбітшілік үшін серіктестік ұйымына уақыт өте келе көптеген мемлекеттер кірді.

1990-жылдары ЕО мемлекеттері құрған ESDP да осыған ұқсас қауіпсіздік кешені болып табылады. Еуропадан тыс әр түрлі аймақтарда да аймақтық қауіпсіздік ұйымдары құрыла бастады. Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы және Азия жолбарыстары сияқты ұйымдар Азияда, ECOWAS пен CADSP Африкада, MERCOSUR болса Оңтүстік Америкада қауіпсіздікке қатысты саясаттарды жетілдіруші аймақтық ұйымдар ретінде жұмыс жасауда.

Аймақтық қауіпсіздік пен ұлттық қауіпсіздіктің айырмашылығын түсіндіріңіз?

Экологиялық қауіпсіздік

«Тұрақты даму» концепциясының 1980 жылдары қолданылуымен экологиялық мәселе халықаралық қауіпсіздік проблемалары аясында қарастырыла бастады. Дәл осы жылдары дүние жүзінде ауыл шаруашылығы өндірісіне қатысты көптеген маңызды оқиғалар болды. Осындай оқиғалардың бірі – зертханаларда жетілдірілген өнімділігі жоғары тұқымдарды өндіру және оларды ауыл шаруашылығында өнімділікті арттыру үшін пайдалану. Сол сияқты, жаңа суару жүйелері арқылы өнімділікті арттыру және пестицидтер мен химиялық тыңайтқыштардың кеңінен қолданысқа ие болуы осы дамудың басқа кезеңдері болып табылады. Бұрынғымен салыстырғанда ауыл шаруашылығында әлдеқайда тиімді машиналарды пайдалану да 1980 жылдарға сәйкес келеді. Бүкіл осы себептерге байланысты азық-түлік өндірудің айтарлықтай өсуі «жасыл революция» ретінде сипатталды. Дегенмен, жасыл революция азық-түлікпен қамтамасыз ету тұрғысынан үшінші әлемге жақсы мүмкіндіктер ұсынса да, оның қоршаған ортаға әсері жағынан жойқын салдары болды. Шектен тыс қолданылған химиялық заттардың топырақтың сапасына да, тірі ағзаларға да беретін кері әсері біршама уақыт өткеннен кейін барып белгілі болуы жаңа түсініктердің пайда болуына себеп болды. Тұрақты даму, осы тұрғыда қоршаған ортаны бұзбай,

үшінші әлем үшін қажетті болған дамуға қол жеткізуге бағытталған жалпы саясат. Дегенмен, тұрақты даму ұзақ мерзімді перспективада бүкіл адамзатқа әлдеқайда жақсы әлемді сүйіншілегенімен, қысқа мерзімде кедейліктен, аштықтан немесе құрғақшылықтан зардап шегетін Оңтүстік елдерінің халықтары үшін бұл даулы ұғымға айналып отыр. Өйткені кедей елдер өздерін басты қажеттіліктермен қамтамасыз ету үшін көбінесе қоршаған ортаға беретін әсерді елемей, назардан тыс қалдыруға мәжбүр болуда.

Даму мен қоршаған орта арасындағы осынау шиеленісті қарым-қатынас экологиялық қауіпсіздік ретінде сипатталатын жаңа ғылыми көзқарастың пайда болуына себеп болды. 1960 жылдардың өзінде Иохан Галтунг зорлық-зомбылықтың үш өлшемі бар екенін айтқан болатын: тікелей зорлық-зомбылық, құрылымдық зорлық-зомбылық және мәдени зорлық-зомбылық. Осы үш өлшемнің ішінде құрылымдық зорлық-зомбылық қоғамда зорлық-зомбылық тудыруы мүмкін экономикалық проблемалардың немесе әртүрлі әділетсіздіктердің бар екендігін көрсетті (Galtung, 1964). Негізгі қажеттіліктеріне қол жеткізе алмайтын топтардың міндетті түрде зорлық-зомбылыққа баратыны, ал бұның халықаралық деңгейде де, ұлттық деңгейде де маңызды қауіпсіздік проблемаларын тудыратыны анық. Шындығында, қақтығыс пен ашаршылық арасында да осыған ұқсас байланыс бар. Экономикасы кедей елдердегі саяси күрестің негізінен онсыз да тапшы болған ресурстарды белгілі бір топтың бақылауға алу әрекетінен туындайды деп қарастыратын болсақ, Далбидің айтқанындай ресурстар үшін үнемі қақтығыс болатыны шындық (Dalby, 2008: 180). Сондықтан тапшы ресурстар сөзсіз қауіпсіздік мәселесіне айналып отыр. Олай болса, тиімді қауіпсіздік түсінігі қоршаған орта мен тапшылық арасындағы шиеленісті қатынасты ескере отырып жетілдірілуі керек.

Көріп отырғанымыздай, экологиялық мәселе тек химия, азық-түлік технологиялары немесе өркендеу экономикасының ғана емес, сонымен қатар халықаралық қауіпсіздік зерттеулерінің маңызды мәселелерінің біріне айналып отыр. Әсіресе адам қауіпсіздігі көзқарасымен экологиялық мәселе тек зорлық-зомбылық өлшемімен ғана емес, сонымен бірге адамның өмір сүру сапасы мен денсаулығына қатысты жағымен де қауіпсіздіктендірілген (секьюрилизирленген) проблема ретінде пайда болып отыр. Осы тұрғыда парниктік газдар шығарындылары бойынша халықаралық келісімдерге қол қою, атмосфераның ластануын болдырмау бастамалары, электр энергиясын өндіруде атом энергиясын пайдалануға қатысты қауіптерден сақтану үшін жаңартылатын энергия көздеріне қолдау көрсету, мұнайдан алынатын отынды пайдалануды шектеу секілді көптеген мәселелер экологиялық қауіпсіздік саласына кіреді.

Қысқаша түйіні

1-мақсат *Халықаралық саясатта қауіпсіздік ұғымын сипаттау*

Халықаралық саясатта қауіпсіздік ұғымы адамның жаны, мал-мүлкі немесе денесіне не болмаса белгілі бір қауым, мемлекет, аймақ, не болмаса планетаға төнген қауіп-қатерді, қорқынышты, үрейді жоқ қылатын құралдарды айтады. Қай нәрсенің қауіпсіздік мәселесіне айналуы барынша маңызды. Бұл сұраққа берілетін әрбір жауап қауіпсіздік зерттеулерінде анықтамалы нысан ретінде анықталады. Анықтамалық нысан жоғарыда біз анықтағандай адам, мемлекет, аймақ, қоршаған орта немесе жыныс сияқты көптеген нәрселер болуы мүмкін. Анықтамалық объектіге төнген кез келген қауіп қауіпсіздік зерттеулерінің тақырыбын қалыптастырады. Қауіпсіздік зерттеулерінде жетілдірілген қауіпсіздік түрлері көбінесе қай анықтамалық нысанмен жұмыс істеп жатқанымызды көрсетеді.

2-мақсат *Соғыс пен бейбітшіліктің себептері туралы үкім*

Соғыс және бейбітшілік туралы ғылыми зерттеулерде соғыс пен бейбітшіліктің көптеген себептері бар екендігі айтылған. Соғыстар мүдделер қақтығысынан, күш үшін күрестен немесе табиғи ресурстарды бөлісе алмаудан туындауы мүмкін. Адам баласы ғасырлар бойы соғысты болдырмаудың жолдарын іздеді. Осыған байланысты әлемдік мемлекет құру, барлық халықтар бағынатын құқықтық жүйе құру, соғыс және бейбітшілік мәселелерінде ұжымдық қауіпсіздік жүйесін қалыптастыратын әмбебап халықаралық ұйым құру, сауданы арттыру арқылы өзара тәуелділікті жетілдіру және империализмді тоқтату сияқты шаралар қарастырылды. Бүгінгі таңда бейбітшілік тұрғысында сезімталдығы жоғары халықаралық қауымдастықтың арқасында

бейбітшілік тұрақты болуы мүмкін деген пікірлер көбейіп келеді. Осы себепті көптеген үкіметтік емес халықаралық ұйымдар бейбітшілік туралы хабардар ету жұмыстарын жүргізуде.

3-мақсат *Халықаралық қауіпсіздік мәселелері бойынша жетілдірілген теорияларды бір-бірімен салыстыру.*

Бұл кітапта халықаралық қауіпсіздік мәселелеріне қатысты бес теория түсіндірілді. Бұлар қауіпсіздіктің реалистік тәсілі, қауіпсіздіктің либералды тәсілі, қауіпсіздік қоғамдастығы, Копенгаген мектебі және әлеуметтік конструктивті қауіпсіздік тәсілі. Қауіпсіздіктің реалистік тәсілі классикалық реалист және неореалистік қауіпсіздік тәсілдері болып екіге бөлінеді. Классикалық реалистер мемлекет күшке ұмтылады, сондықтан мемлекеттер арасында күшке ұмтылудан туындайтын бәсекелестік бар деп есептейді. Кейде осы күшке ұмтылу барысында соғыс сөзсіз болуы мүмкін. Неореалистер болса, керісінше, мемлекеттер күшке емес, қауіпсіздікке ұмтылады, сондықтан қарулануда деп есептейді. Неореалистердің пікірінше, мемлекеттер анархиялық халықаралық жүйеде тепе-теңдік іздейді. Жүйеде тепе-теңдік орнаған кезде, бейбіт кезең болуы мүмкін. Алайда, тепе-теңдік бұзыла бастағанда, жаңасы орнатылғанға дейін қатығыс кезең басталады. Либералдар, керісінше, қауіпсіздік мәселелеріне нормативтік көзқарас жетілдіреді. Олар көбінесе бейбітшілікті қалай орнату керекті жайлы ой толғайды және халықаралық сауда мен бейбітшілік арасында байланыс бар деп ойлайды. Сонымен қатар, либералдардың пікірінше, халықаралық ұйымдар да бейбітшілікті орнатуда маңызды рөл атқарады. Қауымдастық қауіпсіздігі көзқарасы қауымдардың өз ішінде дамитын түсіністік, сенім және ынтымақтастық халықаралық аренада да бейбітшілік орнатуға мүмкіндік береді деп есептейді. Копенгаген мектебі қауіпсіздіктің екі өлшемімен айналысты. Біріншісі, қандай мәселелер қауіпсіздік мәселелері ретінде қарастырылуы керек, ал екіншісі - қай жүйелерде қауіпсіздік белсендірек болады. Копенгаген мектебі қоршаған орта, денсаулық сақтау, білім беру сияқты қауіпсіздікке тікелей қатысы жоқ мәселелерді секьюритизациялау қауіпсіздікті қамтамасыз етуді қиындататынын және қауіпсіздікке жатпайтын ұғымдарды алып тастау керектігін алға тартты. Сонымен қатар, аймақтық жүйелерде қауіпсіздікті қамтамасыз ету оңайырақ деуде. Әлеуметтік конструктивистер болса, керісінше, қауіпсіздікке қатысты қауіп пен қатерлерді анықтауда бірегейліктің, кімдіктің, құндылықтардың және ойлардың маңыздылығына назар аударуда және дос, дұшпан және қарсыластар туралы түсініктер іс жүзінде кімдік сипаттамаларынан туындайтынын айтуда.

4-мақсат *Халықаралық қауіпсіздіктің анықтамалық объектілерін қысу жіктеу*

Бұл кітапта ұлттық қауіпсіздік, ұжымдық қауіпсіздік, адам қауіпсіздігі, әлеуметтік қауіпсіздік, аймақтық қауіпсіздік және экологиялық қауіпсіздік халықаралық қауіпсіздіктің анықтамалық объектілерінің қатарына жатқызылған. Әрине, бұл анықтамалық нысандарды көбейтуге болады. Ұлттық қауіпсіздік дегеніміз мемлекеттің сыртқы шабуылдарға дайындығын білдіреді. Әсіресе, реалистік көзқарастар ұлттық қауіпсіздікке үлкен мән берді. Ұжымдық қауіпсіздік болса, БҰҰ-ның арқасында бүкіл әлемде бейбітшілік пен қауіпсіздікке қол жеткізуге болатын қауіпсіздік жүйесін құру болып табылады. Бұған жауапты мекеме – БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі. Адам қауіпсіздігі – адамның өміріне, өмір сүру сапасына, денсаулығына, адам болып туылуынан туындайтын құқықтары мен бостандықтарына қауіп төндіретін әрбір мәселені қауіпсіздік ұғымы шеңберіне алатын ұғым. Адам қауіпсіздігі көзқарасында азаматтық қоғам қауіпсіздікті қамтамасыз етудің қосымша элементі ретінде қарастырылады. Қауымдық қауіпсіздік – бірегейлік, кімдік қауіпсіздігі. Бір қауымның тіліне, мәдениетіне, фольклорына және өмір салтына қауіп төндіретін барлық факторлар қауымдық қауіпсіздік саласына кіреді. Аймақтық қауіпсіздік, Балқан, Оңтүстік-Шығыс Азия және Латын Америкасы сияқты әлемнің әртүрлі бөліктеріндегі мемлекеттер әлемнің басқа бөліктеріндегі мемлекеттермен салыстырғанда қауіпсіздік кешендерін әлдеқайда оңайырақ құра алады дейді. Өйткені бір аймақта орналасқан мемлекеттер арасында серіктестік пен ортақ қатер түсінігі бар. Экологиялық қауіпсіздік болса, планетаға қауіп төндіретін экологиялық қатерлерді қауіпсіздікке қатер төндіруші негізгі қатер ретінде сипаттайтын қауіпсіздік түрі болып табылады.

Өзімізді сынайық

1. Карл фон Клаузевиц соғыстың қай түрін идеалды соғыс ретінде сипаттаған?
 - а. Жалпы, тотальды шайқас

- b. Абсолютті соғыс
- c. Найзағай, жылдам шайқас
- d. Майдан шайқасы
- e. Шабуыл шайқасы

2. Қоғамда зорлық-зомбылықтың шығуына себеп болатын факторлардың болмауы бейбітшіліктің қай түрін сипаттайды?

- a. Позитивті бейбітшілік
- b. Негативті бейбітшілік
- c. Абсолютті бейбітшілік
- d. Ішкі бейбітшілік
- e. Әлеуметтік бейбітшілік

3. Мемлекеттің географиялық факторларды ескере отырып ұстанған сыртқы саясат пен қауіпсіздік саясатына қатысты жетілдірген әдіс-тәсілдерін қалай атайды?

- a. Геосаяси
- b. Гидростратегия
- c. Геостратегия
- d. Әлеуметтік Саясат
- e. Reel Politika

4. Неореалистер мемлекеттің басты саясаты не болу керек деуде?

- a. Күш саясаты
- b. Экономикалық саясат
- c. Энергетикалық саясат
- d. Қауіпсіздік саясаты
- e. Қоршаған орта саясаты

5. Қайсысы жұмсақ күшке жатпайды?

- a. әскери күш
- b. дипломатиялық күш
- c. мәдени байланыстар
- d. сауда-саттық
- e. гуманитарлық көмек

6. Төмендегінің қайсысын «сөйлеу актісі» (speech act) ретінде сипаттауға болады?

a. Грецияға тиесілі аралдарда ракета қондырғыларын орналастыру Түркия тарапынан қауіпсіздік мәселесі ретінде қабылдануы.

b. шекаралас мемлекеттің шекараға әскер шоғырландыруы қауіпсіздік мәселесі ретінде қабылдануы

c. қырғи қабақ соғыс кезінде КСРО армиясындағы әскер санының артуы АҚШ тарапынан қауіпсіздік мәселесі ретінде қабылдануы

d. көрші мемлекеттің ядролық зымыран технологиясын жетілдіруі қауіпсіздік тақырыбы ретінде қабылданады

e. қоршаған ортаның қауіпсіздік тақырыбы ретінде қабылдануы

7. Қандай халықаралық ұйым ұжымдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде өкілетті?

- a. NATO

- b. Comecon
 - c. БҰҰ
 - d. Варшава пакті
 - e. Балкан Антантасы
8. Төмендегілердің қайсысы қауымдық қауіпсіздік қатарына жатады?
- a. әлеуметік қауіпсіздік жүйесінің күйреуі
 - b. елдегі ядролық станциядан радиацияның сыртқы тарауы
 - c. ғимараттардың жер сілкінісіне төтеп бере алмайтындай түрде салынуы
 - d. көрші елдің соғыс жариялауы
 - e. ана тілінде сөйлеуге тиым салынуы
9. НАТО-ны қандай қауіпсіздік категория сыныбына жатқызуға болады?
- a. ұлыс қауіпсіздігі
 - b. қоршаған орта қауіпсіздігі
 - c. аймақтық қауіпсіздік
 - d. адам қауіпсіздігі
 - e. ұжымдық қауіпсіздік
10. Төмендегі мемлекеттердің қайсысы адам қауіпсіздігін сыртқы саясаттың принципі ретінде қабылдаған?
- a. АҚШ
 - b. Ресей Федерациясы
 - c. Аргентина
 - d. Жапония
 - e. Бразилия

Өзімізді сынайықтың жауап кілттері

1. b Жауабыңыз жаңлыс болса, «Қауіпсіздік: сипаттама және ұғымдар» тақырыбын қайтадан оқыңыз.
2. a Жауабыңыз жаңлыс болса, «Қауіпсіздік: сипаттама және ұғымдар» тақырыбын қайтадан оқыңыз.
3. c Жауабыңыз жаңлыс болса, «Қауіпсіздік: сипаттама және ұғымдар» тақырыбын қайтадан оқыңыз.
4. d Жауабыңыз жаңлыс болса, «Халықаралық Қауіпсіздік мәселелеріне қарасты теориялық ұстаным» тақырыбын қайтадан оқыңыз.
5. a Жауабыңыз жаңлыс болса, «Халықаралық Қауіпсіздік мәселелеріне қарасты теориялық ұстаным» тақырыбын қайтадан оқыңыз.
6. e Жауабыңыз жаңлыс болса, «Халықаралық Қауіпсіздік мәселелеріне қарасты теориялық ұстаным» тақырыбын қайтадан оқыңыз.
7. c Жауабыңыз жаңлыс болса, «Әртүрлі қауіпсіздік категориялары» тақырыбын қайтадан оқыңыз.
8. e Жауабыңыз жаңлыс болса, «Әртүрлі қауіпсіздік категориялары» тақырыбын қайтадан оқыңыз.
9. c Жауабыңыз жаңлыс болса, «Әртүрлі қауіпсіздік категориялары» тақырыбын қайтадан оқыңыз.
10. d Жауабыңыз жаңлыс болса, «Әртүрлі қауіпсіздік категориялары» тақырыбын қайтадан оқыңыз.

Кезек сізде жауап кілттері. Кезек сізде 1

Қауіпсіздік - бұл мемлекет, қоршаған орта, қоғам, адам секілді т.б. анықтама нысанына бағытталған экзистенциалды қауіппен күресу үшін әзірленген шұғыл әрі арнайы шаралар кешені. Анықтамалық нысанның өміріне, тұрмыс-тіршілігіне немесе

тұрақтылығына қауіп төнген кезде, қауіп-қатерді жою немесе қауіп пайда болған кезде қауіп төндірушіні тежеу үшін қолданылатын шаралар қауіпсіздіктің тақырыбын құрайды.

Кезек сізде 2

Демократиялық бейбітшілік теориясы екі демократиялық мемлекет бір-бірімен соғыспайды деп мәлімдейді. Бұл демократиялық мемлекеттер соғыспайды деген сөз емес. Демократиялық мемлекеттердің демократиялық емес мемлекеттермен жиі соғысатыны байқалған. Демек, демократияны әлемде кең тараған басқару формасына айналдыру соғыстардың азаюына себеп болады. Осы тұрғыдан алғанда, әлемде демократияны таратуға бағытталған күш-жігерді халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету әрекеттері деп те түсінуге болады.

Кезек сізде 3

Реализм бойынша қауіпсіздіктің анықтама нысаны мемлекет болып табылады. Классикалық реализм бойынша мемлекеттер өз мүдделерін жүзеге асыру үшін күшке ұмтылады, сондықтан қарулануға тура келеді. Неореализм бойынша да мемлекеттердің қауіпсіздік саясаты ең маңызды саясат болып табылады. Либералдық ұстаным да қауіпсіздіктің анықтама нысаны мемлекет екенін қабылдауда. Мұны қабылдай отырып, олар қауіпсіздікті қамтамасыз етудің жолы экономика арқылы болады деп пайымдайды. Мемлекеттер арасындағы сауданың артуы өзара тәуелділікті тудырады және мемлекеттер бір-біріне шабуыл жасай алмайтындай жағдайға келеді. Тағы бір маңызды айырмашылық

- реалистер мемлекет өз қауіпсіздігін өздері қамтамасыз ету керек деп есептесе, либералдар халықаралық институттар қауіпсіздікті қамтамасыз етуде белсенді рөл атқаруы керек деп санайды.

Кезек сізде 4

Ұлттық қауіпсіздік, халықаралық жүйеде орын алған анархияға байланысты мемлекеттердің қауіпсіздік саясатында ынтымақтасуына әртүрлі кедергілер болады деген пайымдауға сүйене отырып, мемлекеттер өзіне-өзі көмек көрсету принципіне сәйкес өз қауіпсіздігін өзі қамтамасыз етуі керек деген ұстанымды жақтайтын көзқарас.

Ұлттық қауіпсіздік сияқты аймақтық қауіпсіздікті реалист ойшылдар әзірледі. Алайда, мұндағы ең басты айырмашылық; Бұл Еуропа, Оңтүстік-Шығыс Азия, Латын Америкасы немесе Кариб теңізі сияқты әлемнің әртүрлі бөліктеріндегі мемлекеттер бір-бірімен кейбір қауіпсіздік кешендерін әлдеқайда оңайырақ орната алады деген көзқарас. Аймақтар, халықаралық жүйе сияқты, жоғары билік болмаған кезде анархиялық құрылымға ие. Дегенмен, аймақтық мемлекеттер географиялық жақындығына байланысты қауіпсіздік бағытында ортақ алаңдаушылықтары бар. Сондықтан бұндай анархия шағын анархия болып табылады және аймақ мемлекеттерінің қауіпсіздік мақсатында бір-бірімен ынтымақтасуына кедергі болар тосқауылдар аз. Осы себепті мемлекеттер ең алдымен өз аймақтарындағы қауіпсіздік кешендерінің құрамына кіруді қалайды. Нақтырақ айтсақ, 1990 жылдардан бастап аймақтық қауіпсіздік кешендерінің саны айтарлықтай өсті.

Деңгейлік тапсырмалар:

1-деңгейдің сұрақтары

1. Халықаралық қауіпсіздікке төнетін қатерлердің иерархиясының (дәстүрлі және қазіргі заманғы) пирамидаларының көрінісін бейнелеп беріңіздер.

2-деңгейдің сұрақтары

1. Халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің жолдары қандай?
2. Халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің қазіргі заманғы механизмдерінің кемшілігі неде деп ойлайсыздар?

3-деңгейдің сұрақтары

1. Қазақстан Республикасына сырттан төнетін қауіптерді атаңыздар.
2. Қазақстан және аймақтық қауіпсіздік жүйелері деген тақырыпқа сараптамалық жұмыс орындаңыздар.

ОБӨЖ тапсырмалары: Халықаралық саясаттың демократиялану үдерісі

БӨЖ тапсырмалары: Халықаралық қауіпсіздік мәселелеріне қатысты теориялар

Негізгі әдебиеттер:

- 1.Халықаралық қатынастар теориясының тарихы, 2017, Торбьорн Л. 2.Векторы внешней политики, 2017, К. Токаев
- 3.Diplomasi, 2015, H. Kissinger.
- 4.Uluslararası İlişkiler ve Dünya siyaseti, 2014, P. R. Vıottı, M. V. Kauppı. 5.Yumusak guc kavrami ve dis Politika, 2013, N. Anaz.
- 6.Uluslararası ilişkilerde temel kavramlar, 2013, M. Griffiths, T. O'Callaghan, 7.C. S. Roach Ұлы конвенция: Азия,Еуропа және біргеі әлем логикасы, 2017, М. Кишор
- 8.Бітімгер: Сирия түйіні.Дипломаттың жазбалары, 2017, Н. Онжанов 9.Avrasya Çıkmazı Yeni büyük oyunu kim kazanacak? 2015, O. Gafarlı
- 10.Weber, Habermas ve Avrupa Devletinin dönüşümü.Anayasal,sosyal ve uluslarüstü demokrasi, 2015, J. P. Cormick
- 11.Rus Dış Politikasında Stratejik, 2014, Halit Mammadov
12. Arap baharı ve Türkiye modeli tartışmaları, 2014, Kireçci M. Diplomaside erdemli güç, 2014, A. Gül
- 13.Нужно ли Казахстану бояться Китая:мифы и фобии двусторонних отношений, 2014, К. Л. Сыроежкин
- 14.Ресейдің сыртқы саясаты (ХІ ғасырдың соңы ХХ ғасырдың басы), 2014, 15.М. Сапарғалиев Devlet, Sistem ve Kimlik, 2013, İ. Dağı
- 16.Uluslararası terörizm ve devlet sorumluluğu, 2013, U. Kedikli

Қосымша:

- 1.Arı, T. (2006). **Uluslararası ilişkiler ve Dış Politika**, İstanbul: Alfa Yayınları.
- 2.Aydın, M. (1996). “Uluslararası ilişkilerde Yaklaşım, Teori ve Analiz”, **Ankara Üniversitesi SBF Dergisi**, Cilt. 51, Sayı. 1-4, ss.71-114.
- 3.Gönlübol, M. (1993). **Uluslararası Politika: ilkeler, Kavramlar, Kurumlar**, Ankara: Attila Kitabevi.
- 4.Griffiths, M. (2007). **International Reltions Theory for the Twenty-First Century: An Introduction**, New York: Routledge.
- 5.İskit, T. (2007). **Diplomasi: Tarihi, Teorisi, Kurumları ve Uygulaması**, İstanbul: Bilgi Üniversitesi Yayınları.
- 6.Pacteau, S., Mougel, F.C. (1993). **Uluslararası ilişkiler Tarihi**, Çev. G. Üstün, İstanbul: iletişim Yayınlar